

«ТҮРКІ ШЕЖІРЕСІНІң» ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Жаңа түркі дәуірінің бас кезеңі, яғни XV—XVII ғғ. жататын қадим жазу үлгісіндегі жазба нұсқалар аз деп айтуға болады. Оның басты себебі — бұл кезенде қазақ хандығы өз алдына шаңырақ көтергенімен, олардың өмірі көбінесе ішкі және сыртқы жауларымен күрес үстінде аттың жалында, түйенің қомында өтті [1, 3]. Аталмыш кезеңде жазылған араб жазулы ескерткіштерден бізге жеткені Қадыргали би Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарихы» және Әбілғазы Баһадұрханның «Түркі шежіресі» атты тарихи еңбектері.

Ғалым Б.Әбілқасымов: «Түркі шежіресі» өз тұсындағы шағатай тілінен өзгешелеу тілде, түркі халықтарына ортақ «нағыз түрік тілінде» жазылған және қыпшақ тобына жататын тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне жақын, — дей отырып, «Әбілғазы өз шығармасын ескі өзбек әдеби тілінде де, не түркі халықтарының сол кездегі сөйлеу тілдерінің ешқайсысында жазбаған, барлық түріктеге түсінікті жағын ойлап, өзі айтқандай, таза түркі (турки) тілінде жазған», — деп көрсетеді [1, 44].

Т.Қордабаевтың зерттеуінше: «Шығарма тілі өте женіл, қарапайым, түсінікті. Тілінің қазақтарға түсініктілігі жағынан алғанда, бұл шежіре Қадыргали жазған «Жамиғат тауарихтан» да жақынырақ деуге болады. Өйткені Қадыргали шығармасында бізге түсініксіз араб, парсы, монғол сөздері едәуір жи қолданылса, бұл шежіреде ондай сөздер аз. Олардың орнына түркі туыстас халықтарға түсінікті ортақ сөздер қолданылып отырылады [2, 102].

«Түркі шежіресі» тілінің мазмұн межесін негізінен үшке бөліп қарауга болады:

1. Жалпыхалықтық сөйлеу тілі элементтері.
2. Түркі тілінің элементтері (оғыз-қыпشاқ, үйғыр-қараханид).
3. Араб, парсы сөздері.

Жалпыхалықтық тіл өзі қызмет ететін халық өкілдерінің арасындағы қатынас құралы ретінде қоғамдық өмірде оның рухани байлығын жарыққа шығаруда, сондай-ақ белгілі территорияға ғана, көсіпке, іс-әрекетке ғана байланысты аздаған адамдар арасында, тұрмыста да өмір сүре алады, қызмет етеп алады. Ал әдеби тіл оның (жалпыхалықтық тілдің) өндөліп, сұрыпталып, нормалану қасиетін басынан өткізген, ең жоғарғы формасы [3, 24.].

Бұл еңбектен көне түркі тілінің жекелеген лексемаларын көтеп кездестіреміз. Десек те, жалпыхалықтық тіл элементтері мен араб, парсы сөздерінің қолданылу аясы өте кен. Бұны кітаптан алғынған тұпнұска мен оның аудармасын салыстырып қарасақ, анық байқаймыз:

1. *Ибадатсыз уа интанаңыз уа шариксіз иеті асманнны уа иеті иерні он сегіз мың галамны бол дегенде болдұрган тенірінің хамидіден соң аның дос ты барча адам фарзандларіге уа жынларга иберген елчісі үлү лиазми уа рисалат уа нәбуат уа хатимат бу торт мәртебені гинаят қылыб иберген расул Мұхаммад Мұстафаның даурудыдын соң бу китабты айтмақтықның себебі араб Мұхаммед хан үглы Абулгазы баһадүр.*

Аудармасы: Шегі жоқ жеті қат аспан мен жеті қат жерді, он сегіз мың галамды еш серікісі бол дегенде болдырган тәңірінің мадагынан кейін, оның өзінің досы, барша пенделер мен жындарға жақсы істер үшін және қамқорлық жасау үшін сондай-ак пайғамбарлық міндептін мейірімді қылым отеу үшін жіберген елшісі Мұхаммед Мұстафайың дәуірінен соң Араб Мұхаммедхан ұлы Эбілгазы бұл кітаптың жазылу себебін айтады.

2. Чингизханың аба уа аждадаларының әулеудерінің кім һәр уалайатларда падшалық құрұлар мұрихлар түркі уа фарсы тілі бірлән аяларының барчаларының туқсан (тұтған) уа үлкен тарихларының иахшы уа иаманлық қылган ішілерінің бітіб туурулар.

Аудармасы: Шыңғысханың ата-бабасы және туыстары мен үрпақтарының қай олжелерде ыңғай-лы падшалық құрғанын, олардың барласының жақсы, жаман істерінің тарихын түркі және парсы тілінде жазып тұрады.

3. Чингиз ханың екінчи ұглы Чагатай ханың әулеудінде Маураннахда уа Қашгар иұртыда бадшалық қылғанларның зікірі.

Аудармасы: Шыңғыс ханың екінші ұлы Шагатай хан үрпақтарының Маураннахр мен Қашгар елінде падшалық қылғанын еске түсіру.

Шежіре тілінде қарлук-ұйғыр жазуына тән белгілер орфографиялық дәстүр бойынша сақталып отырған. Мысалы жалпыхалықтық тілде **f** дыбысы у-ға алмасатын болса, жазба тілде дәстүр бойынша бұл құбылыс ескерілмей, қарлук-ұйғыр тілдерінің дыбыстық туыстығына тән дәстүрлі принцип бойынша жазылған. Мысалы: тұргуши, болгушы т.б.

М.Қашгари ауызекі сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін бейнелейтін өз енбегінде мұндай сөздер бүйрық етістікке **қ**, **ғ** әріптерінің кірігуі арқылы жасалатынын ескертеді: «Чігіл, қашқар, аргу, барсаған, ұйғыр және Жоғары Чыңға дейінгі тайпалардың бөріне де осы мағынадағы іс істеушінің білдіретін сөздер бүйрық етістіктен жасалады. Өткен шақ етістігінің қосымшасы -**ды** орнына **қ**, **ғ** әріптері бар немесе қатаң айттылатын сөздерге **ғ**, одан басқа ұян сөздерге **ғ** болып қосылады, **ч** мен **ы** сол күйінде қалады. Олардың тілінде **бар** – бүйрық етістігі, **баргучы** – іс істеуші, **тұр** – бүйрық форма, **тұргучы** – іс істеушінің білдіретін сөз. Катаң сөздерде **иа** құргучы – жай құрушы, **тавар** қапгушы – **тауар** ұрлаушы, **ат** суваргучы – **ат** суарушы деген сияқты. ...Ет тоғрагучы – **ет** тураушы, евгә оғрагучы – үйге оралушы деген сияқты. Оғыз, қыпшақтар және суварлармен бірге тұратындар бұл тұлғаны тоғрадачы және оғрадачы түрінде айтады» [4, 112-141].

Сөз басындағы **м** дыбысының орнына **б** дыбысының келуі – оғыз тобына жататын тілдердің негізгі белгілері десек, ол біз сөз етіп отырған шежіре тілінде көптеп кездеседі. Мысалы: **маган**, **саган**, **оган** жіктеу есімдіктерінің **баңа**, **саңа**, **аңа** түрлері де жарыса қолданылған. Сондай-ак, менің есімдігінің **бенім** түрінде берілуі өте жиі кездеседі. Қашғаридың зерттеулеріне сүйенсек, жіктеу есімдігінің бірде **б** дыбысымен, бірде **м** дыбысымен дыбысталуы оғыз тілдерімен қатар қыпшак тіліне де тән ерекшелік болып табылады екен: «Сөз басындағы **м** әрпін оғыз, қыпшак және суварлар **б** әрпіне айналдырып айтады. Мысалы түрктер мен **бардым** десе, олар **бен** **бардым** дейді» және етістікке **маңа** сөзі қосылып айттылатын болса ол жәрдемдесу мағынасында, ал менің **бірлә-менімен** сөзі қосылып айттылса, бәсекелесу мағынасында жұмсалады деп бөледі [4, 100-104].

Оғұз тілдеріне тән ерекшелік сөздің соңғы буынында немесе қосымшада езулік қысан дауыстының орнына еріндік дауысты **ұ**, **ұ** таңбаланады. Ескерткіштерде еріндік дауыстылардың орын талғамай, сөздің барлық буындарында жазыла бергенін көреміз.

Шежіре тілінде тән архаикалық нормалардың бірі – қатаң **т** дыбысының алдына **л**-дың таңбалануы. Мысалы: **олтұрган**. Сондай-ак **еді** морфемасындағы **р** дыбысының сақталуы, яғни **еді** сөзінің көне түрінің (**ерді**) берілуі.

Оғұз тіліне тән орфографиялық белгілердің бірі – сөз соңындағы қатаң **қ**, **қ**, **т** дыбыстарының орнына **ғ**, **ғ**, **д** үяндарының келуі. Шежіре тілінен бұл орфографиялық ерекшеліктер **ұлғ**, **мұрад** төрізді сөздерде кездеседі. **-Лұғ**, **-лығ** вариянтын көптеген зерттеушілер көне орхон жазбаларынан, одан кейінгі көне ұйғыр жазба дәстүрінен келе жатқан архаикалық тұлғалардың қатарына жатқызады.

Көне түркі тілінде жазу мағынасында жұмсалған **бітік** сөзі шежіре тілінде кездесіп отырады: **Барча түркілернің үрүгін бірін қоймай бітімек** уа айтмақ бір кішінің қолындын келмес. **Барчаларының туқсан** (тұтған) уа үлкен тарихларының иахшы уа иаманлық қылган ішілерінің бітіб **тұрғұр**. Бір падшаның атына бір данышман кіші бір кітаб бітіб **тұрғұр** уа иане бірнече иыллардан соң. XIV ғғ. хандар жарлықтары тілінде бұл сөз **бітік** түрінде жүйелі түрде берілген. А.Ибатов бұл сөзге мынадай түсініктеме береді: «**Біт** сөзінің негізгі мағынасы – жазу, көне замандағы Орхон-Енисей жазбалары мен Каражан дәуіріндегі және Алтын Орда, Мамлюқ дәуірлеріндегі ескерткіштерде өте жиі қолданылып келген. Ол кездегі жазу деген сөзді

бітік деп айтқан да, жазды деген сөзді бітіді деп айтатын болған, хат жазушы, хатшы деген сөзді бітікчі деген» [5, 4].

Қорыта айтқанда, «Шежіре» тілінде жалпы-халықтық, архаикалық, ортағасырлық, араб, парсы элементтері аралас қолданылған. Бұдан біз автордың бүкіл түркі халықтарының барлығына ортақ түсінікті болуын мақсат еткенін көреміз. Э.Н.Наджип түркі халықтарының ұлт болып қалыптасқанға дейінгі қолданған түркі жазба тілінің неліктен сол кездегі қоғам үшін жалпыға түсінікті «кітаби тіл» дәстүрімен жазғанын былай түсіндіреді: «Вообще ведь многие поэты и учёные средневековья являлись многоязычными, они писали на сложившемся тюркском литературном языке. Они же писали и на арабском и на персидском языках. ... Если писали по-турецки, то обычно они писали на сложившемся книжном языке. Если, например, выходец из племени Теке пишет свои произведения за пределами племенной границы никто не прочтет. ... Если же он писал его на сложившемся книжном языке, то оно делало его известным во всем тюркском мире. Так они продолжали сложившуюся литературную традицию независимо от своей

национальной и языковой принадлежности» [6, 141-142].

А.Ибатов бұндағы ортақ жазба өдеби тілдің XI ғ. бастап, XV—XIV ғғ. дейін, яғни халықтық тілдердің қалыптасуына дейінгі уақытты түгел қамтыған және де орта түркі жазба мұраларының авторлары (галымдары мен ақындары, бітікшілері) орта түркі жазба өдеби тілінің нормалары мен оның дағдылы орфографиялық ережелерін мұқият қадағалап отырғандықтан, сол кездегі өдеби норманың зандалықтары сол дәуірдегі қарлук, оғыз, қыпшақ тайпаларына тән барлық тілдер мен диалектілерге бірдей ортақ ережелерге сәйкес құрылғанын айтады [5, 4-7].

ӘДЕБИЕТ

1. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. Алматы: Арыс, 2001.
2. Кордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы: Мектеп, 1965.
3. Әбілқасымов Б., Малбаев М. XX ғ. казак өдеби тілі. Астана, 2000.
4. Қашқары М. Тұбі бір түркі тілі. Алматы: Ана тілі, 1993.
5. Ибатов Э. XIV ғ. хандар жарлықтарының тілі. Алматы: Фылым, 1990.
6. Вопросы методов изучения истории тюркских языков. Ашхабад: Изд-во АН Туркменской ССР, 1961.